

Айгүл Жолдасбайқызы Кемелбаева (21.03.1965. Шығыс Қазақстан облысы, Семей өңірі, Абай ауданы, Құндызды ауылы) - жазушы, әдебиеттанушы, кинодраматург, эссеші.

- 1982 ж. қазақ орта мектебін бітірген.
- 1984-87 жж. ҚазМУ-дің журналистика факультетінің ІІІ курсың оқыды.
- 1989-94 жж. Москвадағы М.Горький атындағы Әдебиет институтының проза бөлімінде оқып бітірді. Мамандығы – әдеби қызметкер.

Бүгінгі қазақ қоғамында қазақ прозасының жаңа көкжиегін танытқан модернистік және постмодернистік ағымның тың тұрғыдан танылуы десек те болады. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік өнері, тәуелсіздікке қол жеткізген тұста қаламгерлердің көркемдік шығармаларындағы поэтикалық әлемі мына жазушылардың Т.Әбдіков, М.Мағауин, А.Асылбек, А.Жақсылықов, Р.Мұқанова, А.Кемелбаева т.б. туындыларында танылады. Көптеген зерттеулер деректерінде А.Кемелбаеваның «Тобылғысай», «Ағаш үй» әңгімелері талданады.

Қазіргі таңда есімі ерекше аталып жүрген жас қаламгердің бірі – Айгүл Кемелбаева. Ол шыншыл әрі шынайы жазушы. Прозаның хас шебері. Қазіргі кезде Айгүл қазақ әдебиетінің белді өкіліне айналған. Көркемдік әлемі барлық туындыларда басты арқау етті. Өйткені көркемдік шексіз. Жазушы шығармалары жанрлық, композициялық, жалпы тілдік-стистикалық жағынан ерекшеленіп тұрады.

Туындылардағы ерекше тілдік өрнектер қаламгердің суреткерлік шеберлігін айқын аңғартады. Қаламгердің шығармашылығы туралы баспасөз беттерінде бірнеше пікірлер айтылып жүр. Шығармашылығын, қаламгерлік тағдырын терең білген білікті әдебиет сыншысы Г.Пірәлиева жазушыны жоғары бағалай келе, мынадай пікір айтқан: «Бұрын-соңды қазақ прозасында байқала қоймаған жақсы бір талпыныс, тың бір көркемдік көрініс – оның әрбір теңеуі, әрбір салыстырулары әлемдік әдебиет әлеміндегі көркемдік құбылыстармен, ондағы кейіпкерлер өмірімен, тіршілігімен, іс-әрекетімен іштей үндесіп, үйлесіп жатады».